

Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қаласының № 323 көшесіне атау беру туралы

Бірлескен Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 18 сәуірдегі № 93 қаулысы және Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2017 жылғы 30 наурыздағы № 11/119-VI шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 3 мамырда № 4086 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңы 11-бабының 4-1) тармақшасына сәйкес, Түркістан қаласы тұрғындарының пікірін ескере отырып және Республикалық ономастика комиссиясының 2015 жылғы 10 желтоқсандағы қорытындысы негізінде Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қаласының №323 көшесіне Құдас Жүнісбековтің есімі берілсін.

2. Осы бірлескен қаулы мен шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Ж.Түймебаев

Облыстық мәслихаты

сессиясының төрағасы

С.Қуашбай

Облыстық мәслихатының хатшысы

Қ.Балабиев

Д.А.Сатыбалды

Ә.Е.Тұрғымбеков

Ж.Қ.Бөкенбаев

Б.С.Жамалов

Е.Ә.Садыр

Ұ.Сәдібеков

А.С.Сәбитов

К.Н.Меңдебаев